

БӨЖ ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулықтар.

1. Бақылау тапсырмалары

Бұл ПОӘК оқытудың мақсаты мен мазмұнын басшылыққа ала отырып, студенттің алған білім, білік және дағдыларын тексерудің әртүрлі формаларын пайдалануды құрастырады.

Бұл аталған бағдарламаның мазмұнын жүзеге асыруды келесі өздік жұмыс түрлері қолданылады: карточкалармен жеке жұмыс, жазбаша түрдегі бақылау жұмысы, белгілі бір мәтінді бақылау жұмысы, тест тест тапсырмаларын орындау.

БӨЖ негізгі формалары мен түрлері:

- 1) Реферат –ғылыми жұмыстың, кітаптың мазмұнына аналитикалық талдау жасау немесе оқуға берілген әдебиеттерге шолу жасау арқылы мәселені жазбаша түрде баяндау.
- 2) Коллоквиум –оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау мақсатынды белгілі бір пәннің әңгімелесу түрінде жүргізілетін өздік жұмысты бақылау түрі.
- 3) Эссе-әртүрлі жанрдағы, мысалы, сын, көркем әдебиет, публицистика және т.б.
- 4) Мақсаттар ағымы –мәселенің мақсатын деңгейлер бойынша анықтауға арналған тапсырмаларды деңгейде анықтау; жұмыстың сапасын анықтайтын өлшемдерді таңдау және бақылау тапсырмаларының түрлері.
- 5) Презентация –берілген мәселені слайдтар, видеороликтерді қолдану арқылы ұсына отырып ауызша айту.
- 6) Жағдайтық тапсырмалар-әртүрлі жағдаяттарды суреттеу және оларға арналған тапсырмалар тізімін жасау.
- 7) Іскерлік ойындар-студенттерден алдын ала дайындықты қажет ететін және өзбетінше қорытынды жасай алатын, келешектегі кәсіби әрекетіне қажетті, кез келген үдеріске имитация жасай алу іскерлігіне бағытталған ойын түрі.
- 8) Топтық жоба жұмысы- 3-5 студенттен құралған топқа жоба жұмысын жасауға арналған тапсырма.
- 9) Жеке жоба жұмысы – жақсы дайындалған студенттерге арналған, белгілі бір актуальды тақырыпқа зерттеу жұмысын жүргізуге бағытталған жоба жұмысы.
- 10) Глосарий-берілген тақырыптарға және терминдерге қысқаша түсініктеме.

Әрбір пән бойынша БӨЖ формалары мен түрлерін таңдап алу оқытылып жатқан пәннің өзіне тән ерекшелігімен, оның мақсаты мен міндеттерімен, пәннің қиындық және актуальды дәрежесімен студенттердің дайындық деңгейімен және пәннің сыйымдылығымен тығыз байланыста болады.

Белгілі бір мәтінге арналған өздік жұмыстың үлгісі.

- 1) мәтінді оқыңыз және мәтінге берілген сұрақтарға жазбаша түрде жауап беріңіз.
- 2) мәтіннен жекеше түрдегі зат есімдерді тауып, оларды көпше түрдегі зат есімдерге айналдырыңыз.
- 3) Мәтіннен “of” предлогымен келетін құрамды тіркестерді тауып, оларды орыс тіліне аударыңыз. Зат есімдерді “of” предлогымен атау және ілік септіктеріне ауыстырыңыз.
- 4) Мәтіннен сын есімдер мен үстеуді тауып, оларды орыс тіліне аударыңыз және сын есімнің салыстырмалы шырай формасына қойыңыз.

- 5) Мәтіннен есімдік қолданылған сөйлемді тауып, сөйлемді орыс тіліне аударыңыз. Олардың қай топқа жататынын көрсетіңіз.
- 6) Мәтіннен барлық бұрысетістіктерді тауып, олардың негізгі формаларын жазыңыз және аударыңыз.
- 7) Мәтіннен «осы шақта» тұрған сөйлемдерді тауып, оларды аударыңыз. Бұл сөйлемдерді сұраулы және болымсыз сөйлем түрлеріне ауыстырыңыз.
- 8) Мәтіннен «Өткен шақта» және «Келер шақта» тұрған сөйлемдерді тауып, аударыңыз. Бұл сөйлемдерді сұраулы және болымсыз сөйлем түрлеріне ауыстырыңыз.
- 9) мәтіндегі бір сөйлемнің ішінен етістік-баяндауышты тауып барлық мағыналық өзгерістерді сақтай отырып нақ осы шақ барлық формасына қойыңыз.
- 10) мәтінді жазбаша түрде аударыңыз. Аудару барысында ағылышын орыс тіліндегі сөздікті қолданыңыз (мәтін берілген бағдарлама аясында болады).